

**Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің қаржылық сараптамасына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 31 мамырдағы N 175-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 9 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3723. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 98-НҚ бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 7 сәуірдегі N 98-НҚ бұйрығымен (2006 жылғы 21 сәуірде N 71-72(878) "Заң газеті" газетінде жарияланған.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы Заңының 1-бабы 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің қаржылық сараптамасына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 31 мамырдағы N 175-НҚ бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімде N 3723 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 20 тамызда N 34 (243) "Ресми газет" газетінде жарияланған) . . .

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а

-----

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің қаржылық сараптамасына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (

А.В.Шкарупа) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы және талдау департаменті (Е.О.Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен к е й і н :

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, облыстық ( республикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органдарының назарына ж е т к і з с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Н.Ш.Алдабергеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Т а б и ғ и                      м о н о п о л и я л а р д ы  
р е т т е у                      а г е н т т і г і  
Т ө р а ғ а с ы н ы ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      3 1                      м а м ы р д а ғ ы  
N                      1 7 5 - Н Қ                      б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

**Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің қаржылық сараптамасына қойылатын талаптар туралы Нұсқаулық**

**1. Жалпы ережелер**

1. Табиғи монополиялар субъектілері қызметінің қаржылық сараптамасына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық табиғи монополиялар субъектілері қызметінің қаржылық сараптамасына (бұдан әрі - қаржылық сараптама) қойылатын талаптарды белгілейді.

3. Қаржылық сараптаманы табиғи монополия субъектісінің (бұдан әрі - Субъект) бастамашылығы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен анықталған сарапшы:

уәкілетті орган Субъектінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) к е л і с к е н к е з д е ;

Субъектінің бастамашылығы бойынша соңғы қаржылық сараптаманы жүргізу сәтінен бастап 2 жылға тең кезеңнің мерзімі өткен кезде жүргізеді.

4. Осы нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

қаржылық сараптама жүргізу жөніндегі сарапшы (бұдан әрі - сарапшы) - қаржылық сараптама жүргізу жөніндегі қызметтер көрсететін жеке немесе заңды т ұ л ғ а ;

қаржылық сараптама - табиғи монополия субъектісінің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасын және уәкілетті органның шешімдерін орындауын бағалау мақсатында олардың қаржы-шаруашылық қызметін, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес өзге қызмет бойынша табыстардың, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлінуін, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне қолданылатын тарифтерге (бағаларға, алымдар ставкаларына) әсерін талдау, тарифтік сметаның орындалуын және есепке алу саясатының сақталуын, инвестициялық бағдарламалардың және (немесе) инвестициялық жобалардың орындалуын тексеру (бағалау).

Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. Қаржылық сарапта жүргізудің негізгі қағидаттары:

1) сарапшының өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асырған кезде тәуелсіздігі;  
2) сараптама объектілері зерттеулерінің ғылыми көзқарасы, толықтығы, жан-жақтылығы мен объективтілігі, сараптама нәтижелерінің негізділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

3) сараптама жүргізетін тұлғалардың құзыреттілігі мен жоғары кәсіптік деңгейі болып табылады.

6. Субъектілердің арасында қаржылық сараптама жүргізу үшін оның бастамашылығы бойынша қаржылық сараптама жүргізіледі және сарапшы қаржылық сараптама жүргізудің мәнін, объектісі мен шарттарын, тараптардың құқықтары мен міндеттерін, қаржылық сараптама жүргізудің мерзімдерін, Субъектінің қаржылық сараптамаға жатқызылған қызметінің кезеңін (кем

дегенде екі жыл), есепте көрсетілген деректердің растылығы, сондай-ақ міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының бұзылуын, Субъектінің қаржылық сараптамаға жатқызылған қызметінің ерекшелігінен шығатын басқа да елеулі талаптарды айқындайтын шарт жасайды.

7. Егер сарапшыға қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, соңғысы оны Субъектіден және (немесе) уәкілетті органнан сұрата алады.

## **2. Қаржылық сараптамаға қойылатын талаптар**

8. Субъект қызметінің қаржылық сараптамасы мыналарды:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда Субъектінің өзге қызметі бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлектеп есебінің болуы мен оны жүргізу бағасын.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда Субъектінің өзге қызметі бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлектеп есебінің болуы мен оны жүргізу бағасы қызметтің түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізуге және оның қолда бар жүйесінің есепте көрініс табуына негізделеді, бөлудің объективтілігі мен негізділігі, сондай-ақ Субъекті өндіретін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) түрлері бойынша шығындарды бөлудің уәкілетті органмен келісілген әдістемесінің болуы мен оларды сақталуын қамтиды. Қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін түрлерінен түсетін табыстардың есебінен шығыстардың тоғыспалы субсидиялауының болу мәніне тексеріс жүргізіледі;

2) Субъектінің қызметін ұйымдастыру мен жүргізудің Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігінің бағасын.

Сарапшы шығындардың есебін шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің талаптарына сәйкес, мыналарды қоса бағалайды:

Есепке алу саясатының Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігін, оның ішінде есепке алу саясатында Субъекті өзінің қаржы-шаруашылық қызметінде басшылыққа алатын нормативтік және нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелерінің болуын, реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі және Субъекті Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын қызметтің өзге түрлері бойынша оларды тағайындауға (өндірістік және өндірістік емес, жалпы

шаруашылық тағайындаулар және тағы басқалары) сәйкес негізгі құралдарды бөлу кезінде Субъект айқындаған өлшемдердің болуын. Сарапшы материалдық құндылықтарды есептен шығару әдісінің, сондай-ақ күмәнді борыштар бойынша резервті қалыптастыру жөнінде іс-шаралардың; есепке алу саясатына уәкілетті органның келісімі мен келісілген есепке алу саясатына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың болу мәніне есепке алу саясатына талдау жүргізуге тиіс;

шикізат пен материалдарды есептен шығарудың заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген энергия мен отынды қоса, шығыс нормаларына сәйкестігін. Сарапшы бекітілген нормалар мен нормативтердің болуын (мемлекеттік орган, бекіту күні) тексереді, сондай-ақ бекітілген нормалар болмаған жағдайда, о л а р д ы ң т і з б е с і н ж а с а й д ы ;

амортизациялық аударымдардың есебін, негізгі құралдардың тозуын есептеу әдістерінің қолданылуы мен олардың уәкілетті органмен келісілген Субъектінің есепке алу саясатының талаптарына сәйкестігін. Уәкілетті органмен негізгі құралдардың қайта бағалауы келісілгенде негізгі құралдарға, мүлік құнының өндірістік қайта бағалауының тарифке тигізетін әсеріне бағалау жүргізу кезінде қай әдіс қолданылғанына бағалау жүргізу.

Есептеу құралдары бойынша амортизациялық аударымдардың, тексерілетін кезеңде қанша есептеу құралдары орнатылғанын, амортизацияны есептеудің қай әдісі қолданылғанын есептеу.

Сарапшы талдау кезеңінде өткізілген шығындары тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін материалдық, қаржылық ресурстарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес келуіне баға береді;

3) қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша амортизациялық аударымдарды нақты пайдаланудың талдауын. Сарапшы амортизациялық аударымдарды пайдаланудың мақсатты бағытын, олардың көлемін, сондай-ақ амортизациялық аударымдарды пайдаланудың құжат түріндегі (статистикалық есептердің, қаржы құжаттардың тізбесі) р а с т а у ы н ы ң б о л у ы н т е к с е р е д і ;

4) еңбекке ақы төлеу шығыстарының бағасын, белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген нормативтік санның болуын, сметаларда көзделген еңбек шығындарының жөндеу жұмыстарына, нормативтік көрсеткіштерге (СНЖБ ) с ә й к е с т і г і н ;

5) қызметтің реттеліп көрсетілетін түрлерінің бөлігінде дебиторлық және кредиторлық берешектердің бағасын. Сарапшы дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуға түгендеу жүргізудің кезеңділігін, бухгалтерлік есепте көрініс табуының дұрыстығын, дебиторлық және кредиторлық берешектің

құрылымын, Субъектімен мерзімі өткен дебиторлық берешекті иеліктен айыру тәртібі мен оның негізін және иеліктен айырудың уәкілетті органмен келісімнің б о л у ы н к ө р с е т е д і ;

б) тарифтік саясаттың сақталуы мен тарифтік сметаның атқарылуын талдау о н ы ң і ш і н д е :

шығындардың баптары бойынша тарифтік саясаттың атқарылуын уәкілетті орган бекіткен және Субъектінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтер (бағалар, алым ставкаларын) бекіткен кезде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің талаптарына сәйкестігінің талдауын, есеп айырысулардың дұрыстығы мен негізділігі көзқарасының тұрғысында қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) қолда бар калькуляцияның бағасын. Сарапшы тарифтік сметаның атқарылуына талдау жүргізеді, оның нәтижелері бойынша тарифтік сметада бекітілген ауытқудың (қаражатты пайдаланбау) сомасын, орындамауы себебін айқындайды;

іс жүзінде техникалық ысыраптарға байланысты шығыстардың белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік техникалық ысыраптарға байланысты шығындарға сәйкес келуінің сараптамасын;

құзыретті және уәкілетті орган бекіткен (келісілген) осы жұмыстардың көлемдері мен түрлерінің салыстырмасын қоса отырып, негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулер мен басқа да қалпына келтіру жұмыстарына арналған шығыстардың талдауын;

7) уәкілетті органмен келісілген инвестициялық жобалардың атқарылуын т а л д а у , м ы н а л а р д ы :

инвестицияларды және олардың көздерінің талдауын;

уәкілетті органмен келісілген инвестициялық жобаларда көзделген көрсеткіштердің Субъекті қызметінің осындай іс жүзіндегі көрсеткіштеріне сәйкес келу мәнінің сараптамасын;

ауытқулардың объективтік және субъективтік себептерін және олардың осы жобаны орындауға тигізетін әсерінің, тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіткен кезде ескерілетін шығындар мөлшеріне әсер ету мүмкіндігінің талдауын ;

инвестициялық жобаның Субъекті ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) сұранысының дамуына тигізетін әсерінің талдауын;

8) қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрлеріне байланысты туындаған ұзақ мерзімді міндеттемелердің сараптауын. Сарапшы құрылымды, заемдық қаражаттарды тартудың негізділігін, оларды өтеудің толықтығы, дер кезділігі мен тәртібін, міндеттемелерді қамтамасыз ету нысанын, пайыздық ставкаларын, тараптардың жауапкершілігін бағалайды. Сарапшы ұзақ мерзімді міндеттемелерді атқарудың қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) реттеліп

көрсетілетін түрлерінің нәтижелеріне тигізетін әсерін талдайды;

9) қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың бағасын. Сарапшы инвестициялардың түрлерін, табыстылығы мен олардың қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) реттеліп көрсетілетін түрлерінің нәтижелеріне тигізетін әсерін анықтайды;

10) қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрлерін жүзеге асырғанда қолданыстағы негізгі құралдардың құрылымы мен олардың іске қосылу деңгейінің талдауын қамтиды.